

"Сарышаған" сынақ полигонының босаған объектілерін пайдалану жөніндегі кейбір шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 11 қазан N 1155. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.12.18. N 1299 қаулысымен. ~P981299

Халық шаруашылығының ғылым қолданылатын салаларында жобаларды жасау және жүзеге асыру, "Сарышаған" сынақ полигонының бұрынғы технологиялық аландарының бірқатарын қайта бейімдеу үшін бюджеттен тыс инвестициялар тартуды жеделдету, сондай-ақ Приозерск қаласының бос тұрғын үй қорына халықты орналастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуімен "Сарышаған" сынақ полигонының іске қосылмай қалған шаруашылық аландарын, тұрғын үй және қонақ үй қорын, полигонның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін жекелеген объектілерді Россия Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерінен қабылдап алуға және кейіннен, қажет болған жағдайда оларға ұзақ мерзімге жалға беруге, балансқа өткізуге немесе Қазақстан Республикасының кәсіпорындарына, ұйымдары мен басқа да занды ұйымдарына сатуға құқық беру туралы ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі